# СТУДЕНТТЕР ЖАРЫСҚА ШЫҚТЫ

Әлемдегі саяси-экономикалық дағдарыстар мен халықаралық ахуалдың шиеленісуі жағдайында, еліміздің экономикалық дамуын одан әрі сапалы түрде жалғастыру, халқымыздың әл-ауқатын жақсарту, елдегі саяси тұ-



рақтылықты қамтамасыз ету мақсатында істеліні п жатқан жұмыстардың баянды болуы үшін қабылданған осы шешімді Қазақстан халқымен бірге Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенттері де қолдау білдіріп отыр. Соның дәлелі ретінде, университет жастарының Алматы қаласындағы кезектен тыс Президент сайлауын қолдайтын көптеген іс шараларға белсенді түрде атсалысып жүргенін айтсақ та жеткілікті.

Сонымен қатар, университетіміздің «Сауықтыру дене мәдениеті» кафедрасының ұйымдастыруымен үстіміздегі жылдың сәуір айының 21-ші жұлдызында «Спартак» стадионында спорт түрлерінен (жеңілатлетикалық кросс, тоғызқұмалақ, үстел теннисі, шахмат) университет студенттері арасында бұқаралық-спорттық іс шара өтті. Іс шараның мақсаты біріншіден, студенттердің дене дайындығын демеу болса, екіншіден, кезектен тыс өткізілгелі отырған Қазақстан Республикасының Президентін сайлауды қолдау болған еді.

Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасының ұжымы жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізген институтаралық жарыста университет студенттері асқан белсенділік көрсетті. Студенттер дене-күш дайындылығының деңгейімен қоса, жедел ойлау, ерік-жігер, командалық жауапкершілік қабілеттерімен ерекшеленді.

Жарыс спорттың төрт түрінен өтті. Жеңілатлетикалық кросс – жеке есеп бойынша өткізілді. Жарыстың төрешілері болып аға оқытушы Н.Бағашев, Ж.Қозбағарова бастаған кафедра оқытушылар құрамы бекітілді. Бірінші болып 500 метрге қыздар жүгірді. Жүгіру қорытындысы бойынша мынадай көрсеткіштер тіркелді: 1-ші орын - Қайранбек Г., филология институты, 2 курс; 2-ші орын – Исмадьяр Г., филология институты, 1 курс; 3-ші және 4-ші орындарды педагогика және психология институтының 1 курс студенті А. Сұлтанова мен көптілді білім беру институтының 1 курс студенті Э. Үсенова бөлісті.

Жарыс ережесі бойынша жігітттер 1000 метрге жүгіруге тиісті болды. Жарыс қорытындысы бойынша 1-ші орынды Құқық және экономика институтының 2 курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің футболдан құрама командасының белді мүшесі Темірлан Сейділдаев жеңіп алса, екінші орынды осы институттың тағы бір өкілі, 1 курс студенті Жандос Мұқашар иеленді. Үшінші орын Өнер, мәдениет және спорт институтының 2 курс студенті Б. Әбілезге бұйырды.

Тоғызқұмалақтан өткен жарысқа аға оқытушылар Н. Ерубаев пен М. Иралина төрешілік етті. Бұл жарыста қыздар арасында: 1-ші орынды Құқық және экономика институтының 1 курс студенті А. Әбдіраш жеңіп алды; 2-ші орын Филология институтының 1 курс студенті Е. Амангелді, 3-ші орын П.Нұрмағамбет, ҚжЭ, 1 курс; ұлдар арасында 1-ші орынды А.Жұматай, филология институты, 1 курс; 2-ші орынды А. Жанысбек, ЖГИ, 1курс;



3-ші орынды Қазым Тілекқабыл, филология институты, 1 курс, иеленді.

Үстел теннисінен өткен командалық жарысқа (төрешілер: А.Бисекенова, Ө.Рысқұлов, және т.б.) барлығы 8 команда қатысты. Жалпыкомандалық есепте Өнер, мәдениетжәне спорт институтының мерейі үстем болып 1-ші орынды иеленсе, екінші орынды Тарих факультетінің студенттері жеңіп алды, ал, үшінші орынды Филология институты өз қанжығасына байлады.



Шахматтан болған турнир (жарыс төрешілері А. Әбішев, Е. Сәбденбеков) жеке есеп бойынша өтті. Жарыс қорытындысы бойынша ұлдар арасында: 1-ші орын Қуанышбек Ерік, филология институты, 2 курс; 2-ші орын Жанысбек Абзал, ЖГИ, 1 курс; 3-ші орын Беков Шалқар, ҚжЭ, 1 курс; тағы бір 3-ші орынды Тарих факультетінің 1 курс студенті Қарнақбай Бақдәулет иеленді. Қыздар арасында 1-ші орынды Тарих факультетінің 2 курс студенті Сайлау Зере жеңіп алса, 2-ші орынды Физика-математика және информатика институтының 2 курс студенті Бейсенбай Сәуле иеленді, 3-ші орынға Филология институтының 2 курс студенті Қараджанова Наргиз ие болды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Президентінің кезектен тыс сайлауын қолдау мақсатында өткен университетіміздің институтаралық жарысы жоғары деңгейде өтті. Жеңімпаз және жүлдегер атанған студенттер ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

***Б.Ж. АЯЗБАЕВ, «Сауықтыру дене мәдениеті»кафедрасының аға оқытушысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері***

## МЕНІҢ АЛҒАШҚЫ ЕМТИХАНЫМ

Біліммен өрген мақсаттың жайып желкенін,
Қиялмен мықты арманның ныктап ескегін,
Зымырап уақыт, байқамаппыз-ау біз мүлде
Балалық шақпен қоштасар сәттің жеткенін...

Бұл менің патшаның тағындай киелі, сүбелі шағымның зергері, ғұмырымның ең бір ғажайып кезеңімен қоштасу өлеңім еді... Бақыттың балдай дәмін татырған балалық шақты өткен күннің естелігіне қалдырып, жаңа орта, жаңа адамдар, жаңа қарым-қатынастардың жаңаша әлеміне қадам бастым.

Алғаш университет табалдырығына қадам басқанымда жүрегімде ерекше толқыныс болды. Өйткені «айналасын қоршаған асқар таулары маужырап, ме-



нің бейбіт ұйқымның сақшысындай болатын, сарқыраған бұлағының суының өзі ертеңгі алар асуымның аңызақ, кезенем кеппей кең сарай ғұмыр» кешуіме татитындай алаңсыз ауыл мен биікбиік ғимараттары аспанмен астасатын, тыныштығы қарбаласпен таласатын, десе де сұлулығы тек өзіне жарасатын қаланың тұрмысын салыстырумен күнім өтетін. Сол сияқты өмірімнің өзегіне айналған алтын ұя мектебім мен сындарлы сындарға толы университетімнің арасында көптеген айырмашылықты байқадым. Мектептегі «сынып жетекшім» мұнда «эдвайзерге», білім беретін ұлағатты ұстаздарым «тютерге», тоқсандық бағаларым «аралық бақылаулары мен семестрге», «бестік» бағаны қуанып көрсететін күнделігім «университеттің электронды поштасына», ал табелім «сынақ кітапшасына», тіпті мектебімдегі «оқушы» деген ұғымның өзі мұнда «студент» сөзімен орын алмастырды. Мектепте білім алып, болашағымды армандасам, университетте сол армандарымды жүзеге асыру міндетім болды, бәрінен де бастысы, мен шетте жүріп сағыныштың қандай сезім екендігін ұғындым.

Күнделікті күйбең тіршілікпен уақытым күн санап өтуде. Алда жауапты міндет... Жарты жылдық білімімді сараптайтын уақыт... Мектептегіден мүлде бөлек... Мүлде өзгерек...

Уақыт, шіркін, қанша құсаң да жетқізбейтін сағым тәрізді. Әупірімдеп жүріп бір қазанда біте қайнасқан, біз, студенттер көптен күткен алғашқы емтиханды да өткіздік. Халық ауыз әдебиетінен ерекше толқыныспен, аздап қорқынышпен емтиханды ойдағыдай тапсырдық. Әдетте, мектепте бұл уақытта бақылау жұмысын тапсыратынбыз. Десе де, әр тапсырған емтиханымыз бақылау жұмысы емес, бағына қарай бабы шабатын ҰБТ сияқтанды. Жақсы нәтиже жақсы көрсеткішпен толықты. Жаратқанның жарылқауымен, риясыз ниеттің қайраттылығымен, саналы тәрбиемен берілген білімнің сапалылығының арқасында сенім артқан ең жақын адамдардың үкілеген үмітін ақтағанда қуаныштан төбең көкке бір елі жетпей қалғандай күй кешеді екенсің.

ТҮЙІН. Өмір атты керуенмен заман атты толқында араласып, арпалысып тірінің тіршілігін кешіп келеміз. Осы өмір керуеннің ең бақытты жолаушысы болуы- ол адамның адал еңбек, абыройлы міндет, ойлы сана, қарын тойғызар қанағаты мен айналасындағыларға тигізер шапағаты, өр-қайсар рухы мен байсалды, көркем мінезіне байланысты. Ал бұл дүниелерге жетелейтін басты жолмақтанышына айналар мамандығы. Беделді ортаның белсенді мүшесі болып қалыптасу адамды асқақтататын арманы мен қанаттандыратын қиялына шабыт беретін мамандығына деген махаббатына байланысты. Шарықтап шыңға ұмтылған Қазақстанды биікке өрлету арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қанатты, көздерінде от ойнар, сөздерінде жалын бар, мына біз ,жастардың, қолында. Оның қайнар көзі әрине бәсекеге лайықты-білім.

***Ұлжан ЕРКІНБЕК,***
***студент***

*• Студент шығармашылығы*

## ТІЛ ТАҒЫЛЫМЫ

Мұқтажы көп бұл күнде қазағымның,
Белгісіме деп қорқам азабымның.
Туған тілін шұбалтқан талай қазақ,
Күйгендіктен тарқаттым азалы үн.

Тіл жоғалса елімнің күні қараң,
Елдігімді жаулап барады өңшең арам.
Тіл тағдырын елеген пенде барма,
Ұлт құрыса құл болып қайда барам.

Елім-елім дейтіндей ерім қайда,
Атамекен шұрайлы жерім қайда.
Көрінгеннің тап болып уысына,
Заман зары апарасың қалай,қайда

Ана тілдің ашынамын тағдырына,
Қоса алам ба бір үлес зар мұңына.
Әлде мүмкін кетем бе арманда боп,
Шыдай алмай түлкі заман тарлығына.

Бабам тілі,анам тілі қуатым,
Қазынамсың бар керекті жиятын.
Ұран тілдің төмендесе тұғыры,
Өзіңмен бір ар-ұжданым,ұятым.

## МАХАББАТТЫ ІЗДЕЙМІН

Махаббатты іздеймін алып-ұшқан,
Бір-біріне асық боп сағынысқан.
Дүрсілімен тулаған асау жүрек,
Бұл күнде өз теңінсіз жалын құшқан.

Іздеймін,іздеп келем лайық жанды,
Қиялменен өткіземін әрбір таңды.
Әйтеуір бір сүйгенім бары кәміл,
Қызыл жалын, қызғалдақ, қызу қанды.

Ей,асылым,
Қайдасың сен арман болған,
Құйын қуған қаңбақтай ұшқан-қонған?
Қайырылып артыңа мойын бұрғын,
Сені іздеген біреу бар, лаулап жанған.

Мейлі сен қайырылма, кете барғын,
Мен үшін көк майсасың шөбі шалғын.
Бір күндері, бір уақта, бір жылдары,
Табысармыз жайқалған бақта балғын.

***Ермек ЖЕКСЕНБАЙҰЛЫ***

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ
МЕНШІК ИЕСІ:
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**Бас редактор**
Болат ШАРАХЫМБАЙ

**Көркемдеуші-дизайнер**
Сержан ҚАСЫМОВ

**фототілші**
Серік ИМАНҚҰЛОВ

**Редакцияның мекен-жайы:050010**
**Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме.**
**Байланыс тел.: +7 /727/ 291-18-65**
**Газет бүкіл республикаға тарайды.**

**Тапсырыс № 169**
**Индекс 65285**
**Таралымы 1000**
**• Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.**
**• Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.**

**Газет "ҰЛАҒАТ" баспасының баспаханасында басылды.**

**Баспа директоры**
Әлібек НАУРЫЗБАЕВ

**Баспаның мекен-жайы: 050010**
**Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30 - үй.**

**Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.01.2009 ж. тіркеліп, тіркеу туралы №9874 -Г куәлігі берілген**

Ғылым таппай мақтанба • Не гордись без знаний

# АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ



№ 6 (142) маусым июнь 2015

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің газеті

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

## Ұлы Жеңіске 70 жыл!

***Сұм соғыс... Тұла бойыңды тітіркендіріп, естіген құлаққа түрпідей тиетін суық сөз. Тарихқа Ұлы Отан соғысы деген атпен қалған 1941-1945 жылдар аралығындағы қанмайданның аяқталғанына да осыншама жыл өтіп қалыпты. Бірақ, оның адамзат жүрегіне салған зардабы әлі жазылған жоқ. Қашан жазылады? Менің өзіме-де бұл сұрақ өте дөрекі. Менің әкем – Қалиев Сағымбек – 1943жылы 51 жасында соғысқа кетіп, 44 жылы анам оның қаза тапқаны жайлы «қара қағаз» алған. Бірақ, Құдайға шүкір, 45 жылы күзде, әкем, екі рет контузия алса да, қол-аяғы сау, үйге келіпті.***



Соңғы 10-15 жылдардың ішінде, ардагерлердің сирексігендігінен-бе екен, негізі 50-65 жасарлардың арасынан, арасында беделділері де бар (жастардан болса бір жөн) «Осы біздің әкелеріміз бекер соғысқан екен» дегенді еститін болдық: «Фашист басқыншылары шекараны бұзып кірісімен-ақ, каруларын тастап берілгенде, қазір біз сондай бақытты өмір кешер едік» – дейді. Гитлершілдердің табаны астындағы «бақытты» өмірді әр қайсысы әр түрлі суреттесе де нәтижесінде соншалықты қиыншылықтарды көрмей, «қазір гүлзарбақтардың саясында бавария сырасын ішіп жатар едік» – дейді. Осылар үгіт-насиқатты барлығы бір жерден алғандай әсер береді.

Осындай сөздерді естігенде бірден не айтарымды білмей сасқалақтап қаламын. Бұндайда дауыс көтеріп, қол жұмсау – өзіңнің осалдығыңды көрсетумен тең. Ізденуге тура келді. Нәтижесінде жауабын Гитлердің «Майн кампф» (Mein kamf) атты кітабынан таптым. Бұл кітапты Гитлер өзінің өмірлік стратегиялық жоспары ретінде жазған және сол жоспарын орындауға бар мүмкіндігін салған. Ол кітабында анық жазғаны: «Немістер – ең жоғарғы нәсілдер. Европалықтар бізге құл болуға жарайды. Ал басқа елдерді (Азия – Африкалықтар...) біз мал ретінде карастыруымыз керек»

Менің қайын атам – Тоқымбеков Қашқынбай және әпкемнің қайын атасы – Садықов Сраждин – концлагерьлерде болып қайтқан адамдар. Осы кісілердің кейде бір айтып қалған сөздерінен және тарихтан да гитлершілдердің концлагерьлерде европалықтардың терілерінен (адамның терісінен), өздеріне сол кезде ерекше әшекейлі қолғап, белдік, сөмкелер... жасағаны белгілі. Бастамасында осы тері – галантереялық бұйымдарды гитлершілдердің жоғары басшылары жанұясымен пайдаланса, кейіннен төменгі басшылары да, қатардағы немістер де осыған бейімделуі тиіс болған. Қарсы болғандарды гитлершілдер өздерінің жауларымен теңестірер еді. Қалай десек те, біз, батыр Бауыржанша айтқанда, «таяқтан тайсалмайтын, семсерден сескенбейтін, қайратын әдісіне, әдісін ақылына жолдас еткен, намысын нанға сатпайтын «Елім!» деп еміренген ерлердің арқасында жеңіске жеттік». Бізге, ең алдымен, осыны ұмытпау керек.

«Әкелеріміз фашисттермен бекер соғысқан екен» - деп ойлайтындарға сұрақ:

1. Фашист басқыншыларының табаны астында ( Құдай сақтады бізді әкелеріміз жеңіске жетіп), құлдық деңгейден де төмен болып, қандай гүлзарбақтың астында жатып қандай сыра ішер едіңіз?

2. Гитлершілдер де, басқа-да қандай мәдениетті болса да басқыншылар, өзінің табаны астындағы елге техникалық та, мәдени де дамуына мүмкіндік бермейтінін қалай түсінбейсіздер?

3. Біз қазір, Ұлы Жеңістің арқасында дамыған ірі мемлекетпіз. Өзіміздің өндірісіміз, өзіміздің экономикамыз болмаса... неміс бізге нан берер ме екен ? – деп ойлйған кім бар?

Соғыстың қиындығын, Жеңістің маңыздығын жан дүниесімен түсінетін мына арамыздағы ардагерлер болса күннен күнге, жылдан жылға тым-тым сиреп барады. Ал, біздер:

Әкем менен анамның,
Тойлайық біз мейрамын.
Отан соғыс кезінде,
Европаның жерінде
Фашистердің зұлымдығын
Жеңіп шыққаны үшін!
Жеңіс күні құтты болсын, ағайын!
Жеңісті күндер жалғаса берсін!

***Болатбек ҚАЛИЕВ***

## ЖЕҢІС КҮНІ

Жеңіс күні!
Жеңіс күні!
Қайтып келмес күндердің ең ыстығы.
Тұтқиылдан тап берген жауды жойып,
Өр халқымның орнаған тынысты үні;
Жеңіс күні – елімнің тыныштығы.

Жеңіс күні!
Бұл неткен ғаламат күн!
Кетті мәңгі келмеске алапат мұң.
«Жеңіс» деген сөз қандай қастерлі еді,
Қасиетіңнен айналдым, салтанаттым.

Мұның жайы өзіме, сірә, мәлім,
Көрген кезде Жеңістің куәларын –
Ардагер аталардың көзі тірі –
Ортамызда барына қуанамын.

Жеңіс десе ойлаймын солар жайлы,
Енді ешбір көрмесін олар қайғы.
Аталардың жеңісін жалғастырар,
Жас қазақтар бар мұнда өр айбыны.

Жеңіс күні!
Жеңіс күні!
Қайтып келмес күндердің ең ыстығы.
Сол жасампаз Жеңістің үні шығар,
Жүректегі ерліктің бір ұшқыны,
Жаса, жаса, елімнің тыныштығы!

***Болат ЖҰМЫНҰЛЫ***

## «ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ – ӘРТҮРЛІЛІКТЕГІ ҮЙЛЕСІМДІЛІК»

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында және Қазақстан халқы ассамблеясының 20 жылдығы аясында «Толеранттылық педагогикасы» пәнінен Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің Педагогика және психология мамандықтары кафедрасының профессоры, п.ғ.д М.А. Абсатованың ұйымдастыруымен «Толеранттылық – әртүрліліктегі үйлесімділік» атты тақырыпта магистранттармен семинар өтті. Сабақ дәстүрлі емес формада, телевизиялық бағдарлама түрінде жүргізілді. Магистранттар Қазақстан халқы Ассамблеясының делегаты, мәдениет қайраткері, белгілі тарихшы, кәсіби психолог рөлдерін шеберлікпен сомдады. Олар әр түрлі ұлттық киімдермен келіп, қонақтарды алдағы мерекелерімен құттықтады. Өздері тілші болып, бейнебаян әзірледі, соған қатысты ой-пікірлерімен бөлісті. Бағдарламаның қонағы ретінде Педагогика және психология мамандықтары кафедрасының профессорлары Амирова А.С., Хан Н.Н., Аганина К.Ж., Манкеш А.Е., доценттері Қосанов Б.М., Абдрахмановар Р.Б., Аксакалова Ж., докторанттар, магистранттар қатысты. Олармен де түрлі, қызықты жұмыстар жасалды. Кәсіби психолог тренинг өткізіп, қатысушыларға толеранттылықтың мәнін түсіндірді. Ол ортаға 3 докторант тыңдаушыны шығарып, бір заттың 3 түрлі күйін көздері жұмған күйінде ұстатқызып, сол затты табуды ұсынды. Олар ақылдаса келіп, ол заттың алма екенін тапты. Сонда толерантты тұлғаға қажетті қасиеттер достық, бір-бірін тыңдау, түсіне алу, құрметтеу, ынтымақта жұмыс істей алу қасиеті екенін жеңіл, әрі оңай ұғындыра алды. Сабақ барысында магистранттар «толеранттылық» ұғымының мәніне терең үңіле отырып, жан-жақты талдау жасады, яғни толеранттылық қоршаған әлемдегі мәдениеттің сан алуандығын, адамдардың жекелігін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсінуді білдіретін ұғым екенін түсінді. Сондай-ақ толеранттылық – адамның жан-жақты құқықтары мен негізгі бостандықтарын мойындау негізінде қалыптасқан белсенді қарым - қатынас. Жекелеген адамдар, топтар және мемлекеттер толерантты болуы керектігін насихаттады.



«Біздің ұлы даламыз мыңдаған жыл бойы толерантты болып келді. Бұл ретте мен толеранттылықтың бассыздық емес екендігін атап өткім келеді. Толеранттылық бұл – біздің қоғамның адамгершілік нормалары. Оларды біз нығайтып, қорғап, барлық буындарды тәрбиелейтін боламыз» деген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың сөзіне дәйек ретінде шешендік өнердің тамаша үлгілерінің бірі болып есептелетін «Қоңтажы мен Қазыбек» атты көріністі қойды. Аталған көріністе Қазыбек бидің сөзінен, оның жауға бірден ашу шақырып, қолына найза алып шаппағаны, керісінше қанша ата жауымыз болса да, қылышынан қан тамған замандарда таңдары азаппен атса да, басқадан кек алу мақсатында қылышын қайрамаған, тағдырдың ауыртпалығына қайсарлық танытқан халық екенін бір ауыз сөздің құдыретімен түсіністікке, бейбітшілікке шақырғанын осы көрініс арқылы жеткізді. Қазақ халқы – келешекті аңсап, ел бірлігі мен молшылығын бата тілегіне қосып, ұрпағына аманат ретінде қалдырып отырған халық.

Сабақта тарихшы рөлін сомдаған магистранттың міндеті – осы көрініс арқылы қазақ халқы өз ұрпағын кек сақтамайтындай етіп тәрбиелейтіні толеранттылықтың тамаша үлгісі екенін дәлелдеу болды. Сабақ қазақтың ән-күйімен де безендірілді.

Ашық сабаққа қатысқан оқытушылар қауымы, докторанттар, магистранттар, қонақтар тамаша әсер алып, жоғары баға берді.

***М.ХАМИТОВА,***
***магистрант***

## МОИ ВПЕЧАТЛЕНИЯ ...

Недавно, с 15 по 25 апреля 2015 года, я побывала в командировке по академической мобильности в США по приглашению Калифорнийского университета для чтения лекций студентам. Это было мое третье посещение этого университета. В первые две поездки (2006 и 2013 гг.) у меняне было контактов со студентами, поскольку это были научные стажировки. Соответственно у меня была исследовательская цель: общение с профессурой, работа в фондах библиотеки, участие в работе научных форумов, проводимых в университете.

В последнюю поездку я впервые общалась с американскими студентами в процессе чтения курсов лекций на темы: «Доминантные концепты казахскойлингвокультуры» и «Этнолингвистический аспект казахской гастики». Меня приятно удивил огромный неподдельный интерес студентов к казахской культуре, обычаям и традициям, желание познать казахскую ментальность. Им было интересно буквально всё: система образования, положение женщины в обществе, духовные запросы молодежи, институт семьи и брака, система питания и многое другое. Я очень много рассказывала и о нашем университете. Им было недостаточно общения во время занятий, очень много мы беседовали и в неформальной обстановке, за чашкой кофе.

Особое впечатление на них произвело празднование Наурыза, которое состоялось 18 апреля. Они принимали участие в его подготовке, были в восторге от казахской кухни. На празднике состоялась презентация каждого блюда, сопровождавшаяся моими комментариями. А, как известно, каждое блюдо казахской традиционной кухни тесно связано с традициями номадов.

Каждый день общения с американскими студентами дарил мне радость и счастье преподавательской профессии, когда чувствуешь глубокий интерес и тягу аудитории к новым знаниям. Удивительна зрелость этих молодых людей в отношении к учебе; понимание ими того, что каждое мгновение пребывания в аудитории должно обогащать их новыми знаниями. И отсюда – невероятная пытливость ума. Я очень благодарна судьбе за испытанное счастье общения с этими молодыми, умными, любознательными и креативными людьми, которые, безусловно, достигнут в жизни больших высот!



По завершении курсов лекций мне было приятно получить «Благодарственное письмо», в котором отмечается следующее: «Мы признательны профессору Мусатаевой М.Ш. за чрезвычайно познавательные и прекрасно проведенные лекции, которые, благодаря их интерактивности, вовлекли студентов в обсуждение важных парадигм казахской культуры и позволили им задать интересовавшие их вопросы». Для преподавателя нет высшей награды!

***М.Ш. МУСАТАЕВА,***
***Д.ф.н., профессор кафедры русского языка и литературы***

№ 6 (142) АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ

# УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫ

## ҒАЛЫМДАР ОЙ БӨЛІСТІ

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университетте «Н.Ә. Назарбаевтың 100 нақты қадамы – ұлтымыздың болашағының даңғыл жолы» атты дөңгелек үстел өтті.**

Жиынды университет проректоры Актолқын Құлсариева ашып, бес институционалдық реформаларды іске асыру мақсатында Мемлекет басшысы Н.Назарбаев ұсынған «100 нақты қадам» бағдарламасы» Қазақстанның әлемнің дамыған 30 елінің қатарына кіруі жолындағы дәйекті сенімді қадамы екеніне баса назар аударды. Шараны философия ғылымының докторы профессор Раушанбек Әбсаттаров жүргізіп отырды. Ол өз сөзінде «Бес институционалдық реформада» Нұрсұлтан Әбішұлы ұзақмерзімді мақсаттарды белгілесе, ал «100 нақты қадам» – бұл таяу кезенде жасалатын әрекетке тікелей басшылық екенін баса айтты. Сонымен бірге жиында әлеуметтану ғылымының докторы, профессор Т.Қалдыбаева, философия ғылымының докторы, профессор Ж.Қабаева тарих және студенттермен жұмыс факультетінің деканы, профессор Б. Жұмағұлов және реформа жөнінде ой-пікірлерімен бөлісті

• Құттықтаймыз!

## «ЕЛ АРДАҚТЫСЫ» медалімен марапатталды!



«БЕЙБІТШІЛІК ӘЛЕМІ» Халықаралық Қазақ ШығармашылықБірлестігі басшылығының шешімімен халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға, еліміздің өркендеуі жолында ғылым саласын дамытуға, жас ұрпақты тәрбиелеуге қосқан үлесін бағалап, филология ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан Республикасы Гуманитарлық ғылымдар Академиясының академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ-дегі Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі **Темірхан Сақаұлы ТЕБЕГЕНОВТІ** «ЕЛ АРДАҚТЫСЫ» медалімен марапаттады.

Ғалым-ұстазымызды лайықты марапат иесі болуымен құттықтаймыз!

## ТІЛДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ: МЕКТЕП - ЖОО

Таяда «Шетел азаматтарына арналған филологиялық пәндер» кафедрасы мектеппен байланыс орната отырып,дәстүрден тыс іс-шара өткізді. Бұл Алматы қаласы, И.В.Панфилов атындағы №54 мектеп оқушыларымен орыс тілінің грамматикасы бойынша бірлесіп өткізілген 2 интеграциялық сабақ. Кафедра оқытушылары: Бегалиева С.Б., Казабеева В.А., Айтказина Т.Т., Балғазина Б.С., Алиева Д.А., Мамытбекова Л.К.бастауыш сыныптар арасында «Жалқы есімдер» және «Сан есім» тақырыптарында кешенді сабақтарөткізді. Сабақтарға мектеп оқушылары мен шетел студенттері қатысты. Сабақтардың мақсаты – шетелдік студенттерді «жанды» оқу үдерісіне тарту, сабақтарды белсендіру, сөйлеу тәжірибесімен қамтамасыз ету. Мұндай сабақтар инновациялық сипатқа ие, жақсы нәтижелер беріп, қызығушылық тудырады.

Осы күні «Орыс тілі бойынша оқулық авторларымен кездесу» ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл шараға мектеп мұғалімдері, 10 сынып оқушылары мен кафедра оқытушылары, оқулықавторлары Брулева Ф.Г., Тоқтарова Т.Ж., Казабеева В.А. қатысты. Білім алушылардың өздері оқып жатқан 10 сынып оқулығы туралы айтқан өзіндік ойлары қызықты болды. Оқулықтардың мазмұны мен рәсімделуіне қатысты оң бағалар берілді. Мұндай шараларды ұйымдастырып тұру мектеп пен университет арасындағы байланыстарды әрмен қарай жандандыра түсетіні анық.

***Г.З. ЖАБАҒИЕВА,***
***Шетел азаматтарына арналған филологиялық пәндер кафедрасы***

• Студент шығармашылығы

## ТӘУЕЛСІЗДІК КЕЗІНДЕ ТУЫЛҒАН ЖАСТАРҒА

Азаттықпен туылдым, ғаламым оны ескерсін,
Санам биік, сағым сынбай өскесін.
Қадам бастым бабам жатқан далама,
Кіндігімді тәуелсіздік кескесін.

Ойым ерен, ұлтым жәйлі ойланар,
Ұлтшылмын мен, қазақ қаны бойда бар.
Бізбен бірге, өткен жарты ғасырың,
Бар мен жоқтан барстыққа айланар.

Жетпіс жыл, кімнен баба жасыдың,
Санаңды орыс жаулаған бітті сенің ғасырың.
Тат баспаған темірдей ұзағырақ сақталған,
Қайта келді бүгінде жақұт тектес асылың.

Омырау сүті иіген, тәуелсіздік деген анамның.
Қылышы қында сақталған, бейбітшілік атты балаңмын.
Боздақтар түлеп ту тіккен,
Байрағын бұл күн көтердім,
Қыран тектес ғаламның.

Тәуелсіздік жастары,Қазақтың жаңа көктемі.
Бақыт кеп бізге орнаған, Аллаға мадақ жеткелі.
Бодандық атты шекпенді, бірақ күнде тастадық,
Қазағымның басталды даналар салған өткелі...

***

Аққулар көлде жүзгенде
Қос қосымен жүзбей ме?
Алстап кетсе көлінен
Аңсап бір тағы келмей ме?

Көліңді нұрға бөлеші,
Көрік беріп қасыңа.
Жанымда менің сақталсын,
Өткен күннің елесі

Жан жағың қоға, ну орман,
Көркіне сәйкес құралған
Еліктіріп барады
Мені де бітпес бір арман.

***Ырысбек САМҒАТ***

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың филология институтында наурыз мерекесі аталып өтті. Мерекені институт директоры Б.Әбдіғазиұлы ашып, институт ұжымы мен студенттерді наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтады. Институт қонақтары – бірінші проректор М.Ермағанбетұлы, тәрбие ісі жөніндегі проректор Ж.Ешенқожаұлы, университеттің Кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Боданұлы ұжымды құттықтап сөз сөйледі. Институт студенттері қазақ халқының ежелгі ауыл болып жайлауды жайлай қоныстанатын дәстүрін еске алу мақсатында 7 ауылға бөлініп, дастархан жайып, өз өнерлерін ортаға салды. Еліміздегі биылғы жылғы елеулі оқиғалар, яғни Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20 жылдығы, ҚР Конституциясының 20 жылдығы, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерекелеріне орай әр ауылда тақырыпқа сай салт-дәстүрлерден көріністер көрсетіліп, халық әндері әуелете шырқалды, қыздарымыз мың бұрала би биледі. Атап айтқанда «Тұсау кесер» рәсімінде университетіміздің кәсіподақ ұйымының төрағасы Б.Нұрбатыров мырза кішкентай сәбидің тұсауын кесіп, ақ тілегін арнады. Институт оқытушылары да халқымыздың салт-дәстүрлерін жас ұрпаққа кеңінен насихаттап, үлгілі өнеге көрсетті. Профессор Ф.Оразбаева бастап қазақ әдебиеті кафедрасына құда түсуге барып, құда түсу дәстүрін ең жоғары дәрежеде көрсетті. Бұл көріністен жас ұрпақтың алар өнегесі мол болды деп сенеміз.



## ӘЗ НАУРЫЗ – ФИЛОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНДА

Бұл күн институт ұжымы үшін «ақ түйенің қарны жарылған күн» десек те болады. Оқытушылар мен студенттер дастарханға қойылған ұлттық тағамдардан ауыз тиіп, наурыз көжені тоя ішті. Бір-біріне қонаққа барып, ән салып мерекені қыздыра түсті. Мереке соңында 7 ауылға төмендегідей номинациялар берілді. Мерекенің думанды, мәнді өтуіне ат салысқан барлық студенттерге алғыс айтылды.

Бірлігі өзгеге өнеге – Шәкәрім ауылына;

Берекелі, мерекелі дастархан – Бірлік ауылына;

Көңілі дархан, пейілі кең тұрғындар – Достық ауылына;

Қонақжай ауыл – Құнанбай ауылына;

Ұлт жанашырлары – Абылай хан ордасына;

Сегіз қырлы, бір сырлы – Ынтымақ ауылына;

Ең тәтті көже – Ақылбай ауылы – берілді.

***Г.Б.НУПТЕКЕЕВА,***
***институт директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары***

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

**«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, қазіргі таңда да осы аялуы қауым ұстаздар өкіліне ерекше мән беріліп жатыр. Бұл педагогтың мәртебесіне көрсетілген құрмет, сондай-ақ болашақ мұғалімдерге дұрыс кәсіби бағыт – бағдар беру десек те болады. Оған үлгі ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ Математика-физика және информатика Институтында өткен «XXI- ғасырмұғалімі» атты педагогикалық олимпиада мысал бола алады.**

Соңғы пәндік аптада біздің «қара шаңырақтың» ішінде студенттер арасында өзара сайыс – «21-ғасыр мұғалімі» атты педагогикалық олимпиада өткізілген болатын. Бұл кәсіби маңызды көпшілікісшараның ұйымдастырушысы және қолдаушысы – педагогика пәнінің оқытушысы, студенттердің арасында өте беделді, білікті маман Светлана Жұмашева. Ол кісінің пікірінше, бұл олимпиада – болашақ Мәңгілік ел жастарын тәрбиелеп-оқытатын қазіргі заманғы студенттерге жаңа мүмкіндіктер беру, сондай-ақ оларға интербелсенді маман ретінде жаңаинновациялық бағыттар ұсыну мақсатында өткізілген сайыс болып табылады. Шындығында солай, бұған атсалысып, қатысып, өзінің білімдерін көрсеткен әрбір студент «өмірлік қоржынына» болашақ педагогқа керек кәсіби құзіреттілік пен құндылықтарды игереді. Елбасымыздың өзі қолдап отырған ұлттық білім беру жүйесінің заманауи бағдарламалары осы болашақ педагогтарды құзіретті маман ретінде дайындауға бағытталған емес пе?! Сондықтан да осылай өткізіліп отыратын студенттер арасындағы өзара сайыс, пәндік педагогикалық олимпиада болашақ педагогтарды шыңдап, белсенді,мобилді етуге үлес қосары сөзсіз. Сондай-ақ дүниежүзілік педагогика ғылымына белгілі Я.А.Коменский айтпақшы: «Мұғалімдерге тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес»...Расында да солай, адал кәсіп иесі мына біздер – еліміздің ертеңгі болашағын тәрбиелер ұлы маман иесі! Және соған сай педагогтарды нағыз маман, өз ісінің шебері етіп дайындау ол сол студенттердің өз педагогикалық мамандығына деген шексіз махаббаты мен тынымсыз еңбегінің арқасында көрініс таппақ. Сондай игі істердің бірі мына өткізілген олимпиада десек те болады.

Мен де осы педагогикалық олимпиаданың басынан аяғына дейін қатысып, тамашаладым. Өте керемет әсер алдым! Өйткені әрбір студент өзінің тобы үшін тырысып, барын салды, жақсы жағынан көрсете білді. Міне, осы жерден-ақ бұл студенттердің ұстаз болуға деген кәсіби-танымдық қызығушылықтары артқанын айтпаса да түсінікті. Ал олимпиаданы бастаған кезде Светлана Сатыбалдықызы сөз сөйлеп, студенттерге сәттілік тіледі. Айта кету керек, осы олимпиада басталысымен-ақ студенттер өте жақсы әсерде болды. Өйткені тәлім, бағыт беруші сүйікті оқытушыларының айтқан сөздері жігерлендірген болса керек. Және де Светлана апай студенттердің 1-курста «Мектеп күні» атты практикадан нәтижелі өткеннін де атап өтті. Бұл студенттер бойынан айқын көрініс тапты. Өйткені олар осы «Педагогика»пәнінің мазмұнын, міндеттерін, әдістері мен технологияларын жетік меңгерген деуге болады. Және өздерін ұстаз ретінде ұстауы, сөйлеу мәнері-бәрі де үйлесімді. Светлана апай тарапынан заман талаптарына сай жан-жақты педагогикалық білім беріліп жатыр, дұрыс үлгі-нұсқау көрсетілуде және ең бастысы-сапалы нәтиже бар. Ал енді, сайысқа қайта оралсақ.





Олимпиада бағдарламасының талаптары бойынша әрбір шыққан болашақ педагогтар тобы алдымен өздерін таныстыруы керек. Жалпы алғанда сайыс 3 негізгікезеңнен тұрады. Алғашқысы – «21-ғасыр мұғалімі» атты топтардың таныстыру презентациялары, екінші – «Педагогикалық шеберлік»-мектептегі түрлі жағдаяттан шығу жолдары/ кәсіби тұрғыдан/, кейс-стади; үшіншісі-капитандар сайысы «Тәрбие жұмысын ұйымдастырушы» атты іскерлік ойыны. Ерекше айтуға тұрарлықтай қазылар алқасының құрамында болған мектеп оқушысы, мектеп мұғалімі, оқытушылар, магистранттар және жалпы университеттік педагогикалық олимпиадасының жеңімпазы болған- осы біздің институт түлектері- бәрін сараптап, әділ бағалауға тырысты. Әрбір кезеңде студенттер өздерін жан-жақты толық көрсетуге мүмкіндік алды. Өйткені бірі кәсіптік рөлге енсе, ендібірі тәрбие ұстанымдары мен тәрбие әдістерін негізге алды. Яғни, педагогикалық іс-әрекеттерден ауытқу болған жоқ.

Шындығында да студенттер дайындаған эсселер мен бейнематериалдар, көрмелер арқылы да «XXI-ғасырмұғалімі қандай болу керек?» сауалға толық жауап алуға болады екен. Студенттердің шығармашылық ізденістері мен педагогикалық талаптары да көрініп-актұрды. Нәтижесінде «Педагогикалық мамандықтың презентациясы», «Кәсіби ұстанымы», «Педагогикалық қабілеттері», «Педагогикалық шығармашылығы», «Педагогикалық техникасы», «Педагог-менеджер», «Педагог-зерттеуші» номинациялары бойынша ең үздік қатысушылар анықталып, марапатталды. Сонымен, осы педагогикалық олимпиаданың нәтижесі көрсеткендей, «21-ғасыр мұғалімі» функционалды сауатты, білімді, құзыретті, педагогикалық қабілеттері дамыған, педагогикалық мәдениеті қалыптасқан, сондай-ақ жалпы адамзаттық және кәсіптік құндылықты, инновациялық технологияларды жетік меңгерген, көптілді, үнемі өз оқушыларымен бірге ынтымақтаста болатын жаңашыл педагог-әдіскер, инноватор, менеджер, ізденуші болу керек екен. Жоғары дәрежеде өткен олимпиада бізге осыны дәлелдеді.

«Мейлі депутат,мейлі дәрігер, мейлі қаржыгер болсын,тіпті әкімің де, барлығы ұстаздан тәлім алып шығады. Сондықтан, болашақ педагогтар, еліміздің тірегін нығайтар, халқымыздың үмітін ақтар азаматтарды тәрбиелі де білімді, интеллектуалды, дарынды және жан-жақты дамыған тұлға етіп келешек ұрпаққа жеткізу міндетін жүктейсіздер. Әрине, бұл оңай емес, алайда, сіздердің қолдарыңыздан келетініне біз сенеміз!» – деді қортынды сөзінде Светлана Сатыбалдықызы.

***Меруерт КҮМІСБАЙҚЫЗЫ,***
***Математика-физика және информатика институтының 2-курс студенті***

АБАЙ УНИВЕРСИТЕТІ № 6 (142)



# ҰРПАҚТЫ-ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ТӘРБИЕЛЕЙДІ

***Халқымыздың рухани келбеті – Ана тілі мен ұлттық тәрбиесінде екенін - Бауыржан Момышұлы ашық та анық етіп, ештеңеден және ешкімнен жасқанбай батыл түрде айтқан! Бұл пікіріміздің дәлелі – қазақ халқын түп-тұқиянымен құртудың жолдарын қарастырған Сталлиннің зұлмат заманының өзінде - осыдан тура 71- жыл бұрын, 20 ақпан 1944 жылы өмір мен өлім арбасқан қанмайданның ортасында жүріп, Баукең Қазақстан Компартиясы орталық Комитетіне ана тілінде - «Қазақ тілі туралы пікір» - атты жазған хаты. Оқырман қауым таныссын, ой өрбітсін деген ниетпен төменде Бауыржан Момышұлының сол хатынан үзінді жариялап отырмыз.***

**- «...Тілсізді – айуан дейді. Тілі кедей елді – мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстарымен, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері (мерило);**

**- Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел – «азғын» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін, тарихтан кездестіруге болады. Ондай сормаңдай ел, бұрыңғы кезде аз болмағандығына тарихта дәлелдер көп;**

**- Осы таңда қазақ тілін - «...дөрекі, икемсіз, топас, кедей тіл. Онымен айтайын деген ойынды, пікіріңді, еркін айта алмайсың...» - деп дұрыс бағаламай, жала жауып, теріс-зиянды жағдайлардың құлдығында жүрген, ұғымсыз-жалқау, «дүмше молда дін бұзардың» кебін киіп, сәлдесін орап, тіл бұзушы азамат, азаматшалар да, жүгенсіз, арсыз топтар да, қазақ арасында молайып келе жатқанға ұқсайды (...»дәлелді Алматының әр көшесінен табуға болады»...);**

**- Қазақ тілінің байлығы жетпегендіктен деген дәлелсіз былжыр, өзінің ана тілінің үдесіне жете алмай құр қалған, оған көңіл бөлмеген сор маңдайлардың, ұлт мақтаныш сезімімен, ұлт намысынан ажырап, «шөре-шөре» болып, артта қалған қарабеттердің надандықтарынан туған сылтау ғана болу керек;**

**- Осы кезде аздап орысша білгеніне мәз болып, төбесі көкке жеткен, ана тіліне көңіл бөлмей, оны әліне қарамай менсінбей, не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай шалдыр-батпаққа бөленіп жүрген, келбетсіз тіл азғыны масқараларды Алматының жауапты деген қазақ қызметкерлерінің арасынан да кездестіруге болады...»** - деп, ана тілінің сатқындарын... өмірдің **«өксік»** оғымен атқан ұлы Бауыржан, біздің дәл бүгінгі **оспадар тіршілігімізді...** халқымыз бен тілімізді қорлап жүрген сиқымызды анық айтып тұрғандай емес пе ?!..

Бұл хаттың әрбір сөйлемі құнды. Сондықтан бүгінгі ұрпағымызға қайыра басып, газет – журнал беттерінде жариялаған жөн сияқты. Осы хатын қорытындылай келе, Бауыржан Момышұлы 9 түрлі ұсыныс жасайды. Соның біріншісі мен екіншісіне ғана тоқталсақ;

**1. «1935-36 жылдан бастап қазақ тілі, бұрмалана, бүлдіріле, бұзыла басатғанын... айқын дәлелдей отырып, оған айыпкер, кінәлі, басты газет, радио, жазушы, кеңсе қызметкерлеріне тарихи қарғыс айтылып, беттеріне қара күйе жағылып айыпталғаны жөн».**

**2. «Қазақстанда қазақ тілі заң әділдігі бойынша мемлекет тілі болып саналып, өз орнына, төрге шығарылып, табиғи қалпына келтіру шаралары тездеп қолға алынып, тіл бұрмалау ежелден келе жатқан ескі ауруға айналып бара жатқанын ескере отырып, іс жүзіне қатал төңкеріс түрінде асырылуы және алдымен қазақтардың өздерін, тіл жөнінен тәртіптеуден бастап, барлық үкімет,**



***Совет-Хан Ғаббасов***
***Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері,***
***Медицина және Педагогика ғылымдврының докторы, профессор.***

**кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында әділдікпен көтеріліп қолға алынуы жөн»** - дейді.

Мінеки, қадірменді қауым, осыдан 71- жыл бұрын алақұйын уақыттан жасқанбай, аузын Айға білеп айтқан Баукеңнің жүрек жарды сөзінің мәні, тәуелсіздік алғанына 25 жыл болса да қазақ халқының тілінен – дінінен – ділінен - ажырасардай күй кешіп отырғанын сиппатамай ма?..

Ендігі жерде бүйтіп тілімізді тоздырып, ұрпағымызды аздырғанша пәрменді түрде іске кіріспей болмайды. **Бұған көнгісі де, мемлекеттігімізді мойындағысы келмейтіндер... Қазақстан азаматтығынан шығып, өздерінің қалаған жерлеріне кеткендері жөн. Арамызда ана тілін мойындамай жүрген шала қазақтар да өз мекендерін тапсын.** Бұдан былай қазақ халқының есебінен жүргізілетін жалпақ шешейлікке тосқауыл қойылып, ұлттық құндылықтарды жүйелеуді екпінді түрде жүргізу қажет.

**Тәрбиенің тәңірісі - руханият!** Өздеріңіз жақсы білесіздер, адамзат қауымында біздің эрамызға дейін де, сан алуан өркениеттердің өшіп жоғалғаны – құпия емес. Мәселен, **«майя мен инктердің»** жер бетінен жойылып кетулерінің негізгі себебі, олардың рухани күйреулерімен тығыз байланысты екендігі ғылыми дәлелденген құбылыс! Олар қол жеткізген **өркениетімен өрекпіп, ...- тіліне - салтына - ұлттық тарихына - көне мәдениеті мен халықтық тағылымдарына -** өгейлік көрсетудің салдарынан, түбегейлі жер бетінен жойылу зауалына ұшырағаны белгілі. Халық даналығы **- «Шаңырақтың сөнуі мен шөлмектің сынуы оңай» -** деп бекер айтпаса керек. Олай болса, бүгінгі **қазақ халқының шырағы да... һәм шөлмегі де – ана тілі екендігі** дәлелдеуді қажет етпейді. Өйткені ана тілі құрдымға кетіп болғанға дейін-ақ, оның ғасырлар бойы жасаған руханияттары әлсірей күйреп тозатындығы, қазірдің өзінде-ақ өмірден айқын көрініп отыр. Ана тіліне сүлесоқ қарайтын кез-келген шала қазақтан: **- «Қозы мен Баянды», «Қыз Жібекті», «Алпамыс пен Қобыландыны» -** оқыдыңыз ба? – десеңіз мүдірместен **- «Жоқ!» -** деп жауап алатыныңызға күмәніңіз болмасын. Тіпті, **Асан қайғы мен Кетбұғаны,** онан да бергі **Дулат пен Махамбетті де** білмейтіндеріне сене беріңіз. Бұл ана тілінің жоғалмай тұрып, рухани қазынаңның оратйып, әлсірей бастағанының көрінісі. Ендеше, бұдан былай ана тілін қорлап отырған Үкімет, Парламент және әр түрлі министрліктер мен мекемелердегі төрелерді қатаң түрде тәртіпке шақыратын мезгіл жетті. Жалпы кез-келген халықтың **- «ана тілі, олардың өзара пайдаланатын, тек қатынас құралы ғана ма?.. Әлде, ана тілінің басқа да гнеосологиялық мәні бар ма?..» -** дейтін сауалдарға қысқаша болса да жауап іздеп көрелік. Мінеки, егемендігімізді алып дербес мемлекет болсақ та, қазақтың тілі саудаға түсіп **мәртебесін ала алмай отырғанына** жыйрма бес жыл болды. Осы жылдар көлемнідегі талқылауларға анализ жасап қарасақ, тілді тек қана қатынас құралы ретінде түсінетін тұжырым қалыптасқанын анық аңғаруға болады. Ал шындығында... ана тілінің түп-тамыры, яғни гносиологиясы... мүлдем бұлай емес. Егер тереңнен тартып таратсақ, жер бетіндегі тіршіліктің пайда болғанына 1 миллиард жылдай уақыт өтіпті. Бір клеткадан бастау алатын тірщлік – мұхит астында 500 миллион жылдай жетіле дамып, құрылыққа шыққаннан кейін де, дамудың екінші сатысына ауысуымен қоса, тағы да 500 миллион жылдарды басып өтеді екен. Дәл осынау формуланы адам баласы да, ана құрсағында... бір клеткадан бастап, адам пішініне келгенге дейін, жанағы жер бетіндегі тіршілік сатыларын түгелдей қайталайтындығын ғылым баяғыда-ақ анықтаған. Міне, осы филогенетикалық тылсым құпиялар мен ата-баба зердесін келешек ұрпаққа жалғастыратын жалғыз ғана кілт - әр халықтың **ана тілі** екенін қарапайым жұрттың білмейтіні рас. Сондықтан, бұл ғылыми деректі келешекте ақпарат құралдарында түсіндіре таратуды тереңдеткен жөн сияқты. **Келешек ұрпағына қиянат жасағысы келмейтін халық, нәрестесінің тілін тек ана тілінде ғана шығаруды бұлжытпай орындауға тиісті.** Сонымен қоса, тағы да ерекше бөліп айтатын жаңа ұғым, дүниеге келер бала тілінің іргетасын ана құрсағында қалыптастыратындығы ғылыми анықталып отыр. Мен ұсынған **«Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі»** ғылыми дәлелденіп.., Қазақ жерінде өмірге келгеніне де, ширек ғасырдан асып барады. Бірақ еліктеу мен солықтаудың дертіне ұшыраған қоғам, басқаға қарап **«мөңіреуінен»** жаңылар емес... Осы **ілімнен соң...** он жыл кейін ашылған, Америка ғалымдарының - **«Құрсақтағы баланың он түрлі жұмбақ сыры» -** атты ғылыми еңбектерінде жазылғандай, **«ағылшын фирмасында күні бойы қызмет ететін, екі қабат француз әйелінің баласының тілі бірден ағылшынша шыққанын»** - құрсақтағы тылсымның бір жұмбағы ретінде келтіреді.

**Осы деректің растығын... қазіргі ерлі-зайыпты қазақ жастары, үйде де... түзде де... орысша сөйлейтіндіктен, олардың қазақ бақшысы мен мектебіне берген балалары, далада да... көшеде де... үйде де... өзара орысша сөйлеуге ауыса беретініні... жоғарыда айтылған жұмбақпен сабақтасып жатқаны ешқандай дау тудырмаса керек-ті.**

Мінеки, осылайша біздер ұрпағымызды ата-баба зердесінен айырып қана қоймай, **кісілік келбетінің түп-тамырына да... балта шауып жүргенімізді,** ашып айтуды жөн көрдік. Ендеше, өзінің ана тілин қорлаған елдің татар азабы да мол, ұрпағына қалдырар зауалы да көп екен. Олай болса, иісі қазаққа айтармыз – көрінгенге еліктеп әуестенумен, алдындағы **шырағыңның өшкенін,** қолындағы **шөлмегіңнің сынғанын** сезбей қалып жүрмегей демекпіз...

Енді аз-кем қазақтың тілінің сөздік қорына көңіл аударған жөн сияқты. Өйткені, бір ғасырға жуық тепеpiш көрген қазақ тілінің қолдану аясы тарылған сайын, оның теңдесіз мол байлықтары құрдымға кетіп суалып барады. Тіпті, бұрыңғы өткен ғасырларды былай қойғанда, XX ғасырдың басындағы **жауһарларымыз** бен салыстырып қарасақ та, тіліміздің аса тозып жұтаң тартқанын аңғармау мүмкін емес. Олай болса, не істеуіміз керек?.. **Мұның жолы – біреу-ақ! Ол үшін әрбір заттардың атауларымен оған байланысты синоним, анонимдерін тіркеп, ана тіліміздегі ескі де жаңа барлық сөздерді жинауға кіріскен жөн.**

Қорыта айтқанда, **осыншама көп керағарлықтардың ең негізгі себебі** – бүкіл өркениетімізді тұтастай алып қарағанда, күллі адамзат қауымындағы **адам тәрбиесінде қабағат үлкен қаталықтардың** бары анықталып отыр. Адам бойындағы үш жүйе – **Тән құрылысы – Жан дүниесі – Рухы** – бүгінге дейін тәрбие үндестігін таба алмай отыр. Біз тек қана тән тәрбиесінен басқа, **Жан** мен **Рух** тәрбиесі дегенді білмейміз. Сондықтан да, **Табиғат** пен **Адам баласының** экологиялық азуы, естіген құлақ нанғысыз жағдайға жетіп отыр. Бұл жайында **данышапн бабамыз Әл-Фараби** сонау ықылам заманда-ақ ескертіп; **- «Егер адамға ең әуелі тәрбие бермей тұрып, білім мен ғылым үйретсеңіз, ол жүрген ортасына апат әкеледі»,** - деп ескерткен екен. **Ал, адам тәрбиесінің үш жүйесін үндестіре жетілдіретін жаңа ілімі, қазақ топырағында жасалғанына да, міне жыйрма бес жылдай уақыт өтті.** Бірақ басқаға еліктеп, үйренген біздер естісек те ескеруге құлығымыз жоқ. Әйтсе де бұл мәселе қазақ қауымын ерекше толғандыруға тиісті. **Ең бастысы, адам тәрбиесінің алтын діңгегі Тіл екені аксиомалық шындық...**

***

Бүгін, 10 маусым 2015 жылы **«Ғылым ордасында»** бұдан ондаған жылдар жабылып-қап қайыра ашылған - **«БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ» қоғамдық қорының** жыйналысында төмендегідей ұсыныс жасадым ;

**I. Қазақ халқының тарихын да БАУКЕҢ... тек ұлы Тұлға ғана емес, ФЕНОМЕН екендігі мойындалуы тиіс !**

**II. Жер көлемі дүние жүзінде 9-шы орындағы Қазақ даласының қорғаушылары - даусыз БАТЫРЛАРЫ екенін мойындаудың - БАУКЕҢ рухани көрінісі болғандықтан - БАУЫРЖАНТАНУ ІЛІМІНДЕ - сонау МӨДЕ-қаған, АЛЫП ЕР ТҰҢҒА - ТҰМАР дан бастап - ЕДІЛ (АТИЬЛА) - АЛПАМЫС- КӨЛТЕГІН - ТОНЫКӨК - ҚОБЫЛАНДЫ - ҚАБАНБАЙ - БӨГЕНБАЙ - НАУРЫЗБАЙ лар қамтылумен қоса, кешегі ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫСТА батыр атанған - Қасым - Рақымжан - Мәлік - Мәншүк - Әлия - Төлеген - тағы басқаларды да қамтудың мәні ерекше болмақ-шы ?!!..**

**III. «БАУЫРЖАНТАНУ ІЛІМІНІҢ» оқу құралдары - БАЛАБАҚША - ОРТА МЕКТЕП - ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ - деңгейлері ескеріліп... арнайы жеке-жеке жасалынуы қажет !..**

• Өнеге

## АДАМНЫҢ АДАМШЫЛДЫҒЫ... ЖАҚСЫ ҰСТАЗДАН

«Жазсам екен тағы не, тайғақтайды қаламым...», деп Есенин айтқандай менің де жайшылықта желдей есетін қаламым, бүгінгі тақырыпқа келгенде кібіртіктей берді. Өйткені белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз Ботагүл Алтайқызы жайлы жазуға, қиын да дұрыс іске бел байлаған едім. Қиын дейтінім - тар жол тайғақ кешуі мол ғылым саласы, Я.Коменский «Мұғалім ең жоғарғы құрметті орында, күн астында мұғалімдікке тең келер мамандық жоқ» деп жоғары бағалаған мұғалімдік мамандық жайлы білгенімнен білмегенім көп. Ал, еңбекқор ғалым, барша шәкірттеріне үлгі бола білген аяулы ұстаз Ботагүл Алтайқызының «пайғамбар жас» мерейлі шағында ақ жарма тілек арнап, қалам тербеу әбден дұрыс деп ойлаймын.

Ботагүл Алтайқызы нағыз ұстаз, ғалым, білім беру ісінің үздігі. Ол өмірдің барлық тармақтарында жақсы жағынан көрсете білген ұстаз. Өзінің ұстаздық жылдарынуниверситетіміздің ұлттық білім беру жүйесінің дамуына, оның халықаралық білім кеңістігімен ықпалдасуына, білім беру жүйесіне жаңа технологияларды енгізуге және білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау ісіне арнап келеді. Шын мәнінде арғы-бергі тарихқа қарап тұрсақ, әр заман өз сұраныстарының ең ауыр жүгін үйіп-төгіп ғылымға, ғылым жолында жүрген ғалымдарға артқан секілді. Осы тұрғыдан келгенде тәуелсіз еліміз үшін, болашақ үшін, ғылым мен білім үшін «инемен құдық қазып» аянбай еңбек етіп жүрген ұстазымызға шәкірттерінің құрметі шексіз. Ұстазымыздың өнегелі өмірі мен ғылыми шығармашылық жұмыстарына үңілген сайын өзің бұрын сезбеген жақсылықтарға, өзіміз армандаған биіктерге, құнарлы ойларға кезіккендей боламыз. Осындай шығармашыл, жаңашыл педагогтарымыз жайлы сөз ету, үлгі тұту, бағалау, ардақтау – біздің шәкірттік парызымыз. Себебі, ұлағатты ұстаздардан алған тәрбиесін, білімін, ел игілігі жолында жасаған еңбегін көру, білу арқылы бүгінгі жас ұрпақ өздерінің талғам танымдарын шыңдайды, өмірлік бағыт-бағдарын айқындайды.



Шәкірті ретінде мен ұстазымнан алған рухани тәрбием, ғылыми білімім, үлгі-өнегем аз емес. Өзін ұстауы, жүріс-тұрысы, сөйлеуі, қарым-қатынасы бәрі де білікті басшы мен шебер педагогқа тән Ботагүл Алтайқызына мен де ұқсағым келді. Магисртлік жұмысыма жетекшілік жасаған екі жылда мен ғылыми зерттеу жұмысы жайында үлкен бір мектептен өттім десем артық айтқаным емес. Бір өзі бір мектеп бола білді. Ғылым жолының ең ауыр, ең қиын әрі қызық жол екенін ұғындыра білді. Конфуцидің «Айтсаң ұмытып қаламын, көрсетсең есте сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін» деген сөзін басшылыққа алып бізді тәрбиеледі.

Ұлағатты ұстазымыз Ботагүл Алтайқызына шәкірттері атынан үлкен алғысымызды білдіреміз. Алдағы мерейтойымен құттықтап, барша жақсылық атаулы жаныңызға серік болғай. Шәкірттеріңіз білім шыңынан көрініп, тек жақсы атқа ие болыңыз дегіміз келеді!

***Ақерке ӘБДІМАНАПҚЫЗЫ,***
***магистрант***

• Студент шығармашылығы

## ТӨЛҚҰЖАТ

Атым қазақ, затым да қазақ менің,
Тамырым қойнауында қара жердің.
Тыныс алам даланың самалымен,
Дала сүйген ей,қазақ, баланмын мен.

Мен перзенті боламын Отырардың,
Бірімін жүрегінде оты бардың.
Тілі мен тарихына бас иетін,
Тіпті қадір тұтатын топырағын.

Биікпін деп айта алмаймын, белеспін мен,
Сүйретілген жандардан емеспін мен.
Ұлтымның тәрбиесі алып шығар,
Адасуға болатын елес күннен.

Өлең жазам, білмеймін қай топтанмын,
Бәлкім, мына түзде мен жай жортқанмын.
Бірақ, менің жүрегім соғып тұрса,
Мүмкін емес кідіріп құр тоқтарым.

Арқау етем бабалар өсиетін,
Меже тұтам даналар қасиетін.
Сыр менен Қаратаудың ұрпағымын,
Бабам атын өшірмей, өсіретін.

Мен, міне, осындаймын, осындаймын,
Жақын тартсаң жаныңа досыңдаймын.
Ұнатпасаң кеудеден кері итер,
Сендер жүрген тобырға қосылмаймын.

## ТАЛАПТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН

Талаптың мініп тұлпарын,
Тақымын оның қысайық.
Жақсылыққа жол ашып,
Жамандықты тұсайық.
Қанаты бар қырандай
Биіктерге ұшайық.
Еркін соққан самалдай,
Даланы сазға қосайық.
Ақиқатты бағыт қып,
Жырдан сәуле шашайық.
Туралықтың шатаспай
Тамырын ептеп басайық.
Мақтау сөзді көпсітпей,
Орнымен дұрыс сынайық.
Ессіздердің аузынан
Ащы сөзбен ұрайық.
Бақ бағыты ынтымақ
Жақсының басын құрайық.
Елімнің жастар қауымы,
Сақадай болып тұрайық.

***Алтынай ҚҰЛБЕК***